

АЙМАҚТЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ИННОВАЦИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БӨЛІМІ

МАГИСТРАНТТАРҒА АРНАЛҒАН АНЫҚТАМА-ЖОЛ СІЛТЕУШІСІ

Шымкент 2017



Құрметті магистранттар!

Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі материалдық базасы, профессор-оқытушылар құрамы жағынан алдыңғы қатардағы жоғары оқу орындардың бірі. Университеттің білікті, жоғары академиялық деңгейдегі потенциалы, материалдық-техникалық базасы, оқу-әдістемелік жұмыстары, кітапхана қорындағы ғылыми монографиялар мен ғылыми кітаптары сіздің білімдеріңіздің өркен жайып ғылыми ізденістерге, шығармашылық жұмыстарға бастары анық.

Сіздерге барлық оқу кезеңіне арналған университет пен факультеттердің мамандықтары туралы жалпы мәлімет көрсетілген анықтамалық-жолсілтеушіні ұсынамыз. Онда оқу үрдісінің ұйымдастырушылық құрылымы мен білімді бақылау жүйесі, тіркелуге қажетті әкімшілік шаралар, студенттердің өзіндік жұмысын

ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстар, студенттердің құқықтары мен міндеттері сипатталған. Анықтамалық-жолсілтеушіні пайдалану оқу барысының және білімді бақылаудың айқындылығына, оқу пәндерін тандауда және өзінің білім бағдарламасын жоспарлауда білім алушының ұтқыр болуына ықпал етуі тиіс.

«Магистр» академиялық дәрежесіне лайықты білікті маман болу үшін ғылымды, білімді сапалы меңгеру үшін барлық күш-жігерлеріңізді салады деп кәміл сенемін.

Сіздерге оқуда табыс, жетістік, тек биіктерден көрініп, білікті де білімді маман болуларыңызға тілектеспін!

Мазмұны

1	Университет жайлы ақпарат	5
2	Ректорат	8
3	Құрылымдық бөлімдер туралы қысқаша ақпарат	8
4	Деканаттар мен кафедралар	9
5	Мамандықтар тізімі	11
6	Глоссарий	12
7	Білім алушылардың оқу үрдісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар	15
8	2017-2018 оқу жылының академиялық күнтізбесі	18
9	Магистранттың құқықтары мен міндеттері	21
10	Академиялық ұтқырлық бағдарламасы	21
11	Білім алушыларды бағалау және ағымдық, аралық, қорытынды бақылауларды ұйымдастыру тәртібі	22
12	ЖОО-да магистратурада білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізудің тәртібі	24
13	ЖОО-дағы материалдық және ақпараттық қорды пайдалану ережелері	25

1 УНИВЕРСИТЕТ ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

АӘИУ тарихы ҚР Білім министрінің 3 тамыз 2001 жылғы №643 бұйрығы бойынша АА №0000174 сериялы лицензиясымен Шымкент әлеуметтік – педагогикалық университеті және ҚР Білім және ғылым министрі берген АБ сериялы №0062184 лицензиясымен Академиялық инновациялық университеті болып бастау алады.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2010 жылғы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауында: «Жоғары білім алу сапасы ең жоғарғы халықаралық талаптарға жауап бере алуы, еліміздің ЖОО әлемдегі алдыңғы қатарлы университеттердің рейтингісіне еруге талпынып, 2015 жылға қарай Ұлттық инновациялық жүйесі толық іске асырылуы керек. Ал, 2020 жылға қарай – ол елімізде енгізілген әзірлемелер, патенттер және дайын технологиялар ретінде өз нәтижелерін беруі керек» -деген еді.

Осыған орай, білім беру саласындағы мемлекеттік саясат, ЖОО-ның Болон үдерісі параметрлерін орындауы және Қазақстан ЖОО дипломдарының халықаралық дәрежеге қол жеткізуіне байланысты, жаңа мақсаттар мен міндеттер қойды. Осы саясатты қолдау мақсатында, ЖОО дамуының жаңа бағыттары бойынша, перспективалары мен нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, Республикамыздың Оңтүстік өңіріндегі жекеменшік ЖОО өздерінің материалды, интеллектуалды және қаржы ресурстарын біріктіруге шешім қабылдады. «Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университет» ЖМ қызметінің негізгі көрсеткіштері 1-қосымша келтірілген. Сонымен, 2012 жылдың 13 тамызында берілген ҚР БҒМ АБ сериялы №0142761 лицензиясы негізінде Шымкент әлеуметтік-педагогикалық университеті мен Академиялық инновациялық университеті Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті болып қайта құрылды (2-қосымша).

АӘИУ-да бакалавриаттың 36 және магистратураның 21 мамандығы бойынша мамандар даярланады (2б-қосымша). Қазіргі таңда университетте жалпы құрамы 409 ПОҚ тұратын, оның ішінде, 15 кафедрада 386-штаттық бірлік ұсынылған. Олардың ішінде 25 ғылым докторы, 170 ғылым кандидаты, 1 доктор PhD, 12 ЖАК доценті мен профессоры, 17 мәдениет және өнер қайраткері, 108 магистрант пен 76 оқытушы бар. АӘИУ ПОҚ «ЖОО үздік оқытушысы» атағын алу үшін ҚР БҒМ өткізетін конкурсқа белсене қатысады. «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грант иегерлері бойынша: 2013 ж. (2012 жылдың қорытындысы бойынша) – 3; 2014 ж. (2013 жылдың қорытындысы бойынша) – 1; 2015 ж. (2014 жылдың қорытындысы бойынша) – 1. Университет оқытушылары Астана, Алматы, Шымкент ЖОО біліктілікті арттыру және кәсіби даярлау орталықтарында, «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығында, «Болашақ» бағдарламасы негізінде және шетелдік Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ

АККРЕДИТТЕУДЕН ӨТУГЕ АРНАЛҒАН ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБІ 16 тағылымдамалар барысында өздерінің кәсіби біліктіліктерін жетілдіруге мүмкіндіктері бар. Университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстары білім беру қызметімен тығыз байланысты. Жыл сайын ҒЗЖ орындауға, оның ішінде республикалық конкурстарға, пәндік олимпиадаларға т.б. тартылатын студенттер саны өсіп келеді. Университетте халықаралық қатынастарды кеңейту бойынша үздіксіз жұмыс жүргізіледі, көптеген отандық және шетелдік жетекші жоғарғы оқу орындарымен, әлем және ТМД білім беру мекемелерімен тікелей байланыс орнатылды. Еуропа мен Азиядағы 37 шетелдік, оның ішінде ТМД елдеріндегі ЖОО-лармен білім беру және ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы келісім-шарттар жасалды.

Университетті ашу және оның іргесін қалау, алғашқы кездескен қиыншылықтарға қарамай аяғынан тұрғызу, оны бүгінгі күні Республикадағы алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының деңгейіне дейін көтеріп, қалыптастыру барысында орасан еңбек атқарған Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеттің Президенті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қозыбақов Момбек Жамалбекұлы.

Студенттердің сапалы да саналы білім алулары үшін барлық оқу жүйесі бүгінгі заман талабына сай жаңа заманауи техникамен жабдықталған зертханалар мен дәрісханалар, спорт кешені, кітапхана, компьютер орталығы, ғылыми конференция, семинарларды өткізетін орын, асхана, медициналық бөлім және жатақхана қызмет етеді. Ал университеттің арнайы жабдықталған компьютерлік дәрісханаларында барлық компьютерлер толығымен интернет желісіне қосылған. Орыс және ағылшын тілдерін студенттерге жеке меңгеру мақсатында лингафондық кабинет жұмыс жасайды. Сонымен қатар, университеттің профессор-оқытушылары мен студенттері ғаламтор арқылы жаңалықтармен, мәліметтермен танысып, оларды өз қажеттіліктеріне пайдалана алады.

Ал университеттің іс-құжаттары Сапа менеджменті жүйесі бойынша халықаралық ИСО 9001: 2008 стандартына сәйкес жүргізіледі.

Университеттің миссиясы– Қазақстанның оңтүстік аймағының әлеуметтік жағдайын, инновациялық әлеуетін көтеру мақсатында білім, ғылым және тәжірибе арасындағы өзара байланысты дамыта отырып, қоғам мен бизнестің қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын бәсекелестікке қабілетті мамандар даярлау үшін білім беру қызметін ұсыну.

Келешек келбеті: Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті 2020 жылы оңтүстік аймақта заманауи ғылыми білімді, жаңа инновациялық және мәдени-ағарту орталығына айналады. Педагогика, экономика, құқық салалары бойынша бакалавриат, магистратура түрлеріндегі білікті маман дайындауды жоғары деңгейде жүзеге асырады. Көптілді білім беру жүйесінің қалыптасуының айқындылығы және дуальды білім беру элементтерінің қалыптасуын дамытады. Оқу үрдісінде пәндер мазмұнын жаңарту, оқытудың

жаңа технологияларын құру, басқару мен қадағалау, олардың республикалық, аймақтық деңгейде таралуын қамтамасыз етеді.

Университет стратегиялық дамуының өзекті мақсаты: ИСО 9001-2008 стандартының талаптарын басшылыққа ала отырып, Сапа менеджменті жүйесін ендіру және жетілдіру нәтижесінде әлемдік және аймақтық білім беру кеңістігінде қалыптасқан, стандарт талаптарына бейімделген бәсекеге қабілетті жоғары деңгейдегі мамандар дайындау.

Құндылықтар: Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінде атқарылатын барлық іс-шаралар төменде көрсетілген құндылықтар шеңберінде жүзеге асырады:

- **Достық және төзімділік:** Университет барлық іс-шараларын отандық, шетелдік университеттер арасында достық және мәдени айырмашылықтарға құрмет көрсету және өзара төзімділік таныта отырып жүргізеді.

- **Ғылыми көзқарас:** Университет сапалы білім беруге қол жеткізуді, ғылыми іс-шараларды жоғары деңгейде жүзеге асыруды басшылыққа алады. Осы тұрғыдан ешқандай шектеуге жол бермейді.

- **Қонақжайлылық:** Студенттерге, әсіресе, Қазақстаннан тыс мемлекеттерден келген шетелдік студенттер мен қызметкерлерге қонақжайлылық көрсетіледі.

- **Сапа түсінігі:** Университетте оқу-тәрбие және ғылыми жұмыстарды халықаралық стандарттарға сай жүргізу және сапалы көрсеткіштерге қол жеткізуді міндеттейді.

- **Айқындылық:** Оқу орнындағы үдерістер университет қарым-қатынас орнатылған ұйымдар/мекемелер алдында ашық-айқын жүзеге асырылады.

- **Есеп беру міндеті:** Түрлі санаттағы жауапты тұлғаның өзі атқарған жұмыстарға, қабылдаған шешімдеріне есеп беру міндеті бар.

- **Әділдік:** Университет басшылығы мекеме қызметкерлерінің арасында бөлінушілікке, жікшілдікке жол бермейді, бейнетке, қабілеттілікке маңыз береді және атқарылған жұмысқа құрмет көрсетеді.

- **Университет дамуына үлес қосу:** Университет қызметкерлері жеке тұлғалық құқықтарын сақтай отырып, әрбір салада басқару үдерісіне бір кісідей қатысады.

- **Үздіксіз даму:** Қызметкерлер университеттің бүкіл жұмыстарын әрқашан үздіксіз жақсартуға және дамытуға әрекет жасайды.

- **Қоршаған ортаны қорғау:** Университет қызметкерлері табиғаттың қорғалуына және дамуына өз үлестерін қосуға аянбайды.

- **Келешекке сенім:** Университет қызметкерлері келешекке зор үмітпен қарайды.

- **Қоғам пайдасы:** Университет негізгі қызметін қоғам мүддесін назарға ала отырып тығыз қарым-қатынаста жүзеге асырады, қоғамның әрбір мүшесінің өмір бойы білім алуына қолдау көрсетіп, үлес қосады.

2 РЕКТОРАТ

Боранбаев Сандыбай Режепович - Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Мамаев Кайрат Серикбаевич - Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің оқу және инновациялық технологиялар жөніндегі проректоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Досжан Райхангүл Абдуғалиқызы - Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің ғылыми-зерттеу жұмыстары және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Елікбаев Бауыржан Көшкінбайұлы - Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің оқу әдістемелік және қашықтықтан оқыту істері жөніндегі проректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Әлімбаев Медеу Еркінұлы - Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің тәрбие және әлеуметтік істер жөніндегі проректоры, филология ғылымдарының кандидаты.

Сыпабеков Нурбол Сағындыкович - Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің әкімшілік шаруашылық істер жөніндегі проректоры.

3 ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ

Асабаев Жанибек Айтбаевич - Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің құқықтық қамтамасыз ету және кадрлармен жұмыс бөлімінің бастығы.

Нышаналиева Гулжан Турехановна - Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің бас есепшісі.

Джумадиллаева Гулжамал Нуртазаевна - Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің оқу бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Косауова Акерке Колдасыновна - Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің ЖООКБ меңгерушісі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты.

Шахабаев Ермахан - Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің сапа менеджмент және аккредиттеу бөлімінің меңгерушісі.

Жантелі Хасен Асқарұлы - Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің қашықтықтан білім беру орталығының меңгерушісі.

Төрбек Ерлан Жандарбекұлы - Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің ақпараттық және инновациялық технологиялар бөлімінің меңгерушісі.

Онгарова Айжамал Асанқызы - Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің офис тіркеушілер бөлімінің меңгерушісі.

Майлыбаев Марат Серикбаевич - Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің мониторинг және түлектерді жұмысқа орналастыру бөлімінің меңгерушісі.

Камбарбекова Адиса Жамалбековна - Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің кітапхана меңгерушісі.

Катбаева Майра Турганбаевна – Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің іс-тәжірибе бөлімі меңгерушісі.

Аскарар Усен Файзуллаевич - Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің баспасөз қызметінің жетекшісі.

4 ДЕКАНАТТАР МЕН КАФЕДРАЛАР

ГУМАНИТАРЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

Факультет атауы/ Факультет деканы	Кафедра атаулары	Кафедра меңгерушісі
Гуманитарлық-педагогикалық Ф.ғ.к. Керімбаев Д.М.	Қазақ тілі мен әдебиеті	Ф.ғ.к. Аймурзаев Ф.
	Мектепке дейінгі және бастауыш білім	Ф.ғ.к. Қалыбеков Б.
	Педагогика және психология	П.ғ.к. Ермекбаев М.

Мекен жайы: Шымкент қаласы, Д. Құрманбеков көшесі 4Б үй, А ғимараты

ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІМ ФАКУЛЬТЕТІ

Факультет атауы/ Факультет деканы	Кафедра атаулары	Кафедра меңгерушісі
Физика-математика және кәсіби білім Факультет деканы Алибаева Э.Т. а.ш.ғ.к.	Математика, физика және информатика	PhD Бердиева М.А.
	Кәсіби оқыту және бейнелеу өнері	П.ғ.к., аға оқытушы Ахмет Л.С.

Мекен жайы: Шымкент қаласы, Д. Құрманбеков көшесі 4Б үй, Б ғимараты

БИЗНЕС ЖӘНЕ ТЕХНИКА ФАКУЛЬТЕТІ

Факультет атауы/ Факультет деканы	Кафедра атаулары	Кафедра меңгерушісі
Бизнес және техника	Бизнес	Э.ғ.к., доцент

Факультет деканы Э.ғ.к. Ертаев Е.Ж.		Қалықұлов Қ.М.
	Ақпараттандыру және стандарттау	Ф-м.ғ.к. Жүнісбеков Ж.С.

Мекен жайы: Шымкент қаласы, Рысқұлов көшесі, 27 үй

ӨНЕР ЖӘНЕ СПОРТ ФАКУЛЬТЕТІ

Факультет атауы Факультет деканы	Кафедра атаулары	Кафедра меңгерушісі
Өнер және спорт Факультет деканы А.ш.ғ.к., Юсупбаев Ж.Ш.	Дене шынықтыру және әлеуметтік ғылымдар	П.ғ.к. Алшынбаев К.И.
	Өнер	Сәулет ғ.к. Нысанбаев Б.С.

Мекен жайы: Шымкент қаласы, Темірлан тас жолы көшесі, 4/3.
т. 40-82-95

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

Факультет атауы Факультет деканы	Кафедра атаулары	Кафедра меңгерушісі
Жаратылыстану Факультет деканы п.ғ.к. Бейсенова Г.И.	Биология және химия	Б.ғ.к. Пошаева Г.
	Экология	Х.ғ.к. Жылысбаева А.Н.

Мекен жайы: Шымкент қаласы, Өндірістік көшесі 5 үй, 3 ғимараты

ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

Факультет атауы Факультет деканы	Кафедра атаулары	Кафедра меңгерушісі
Филология және құқық Факультет деканы П.ғ.к. Пәзіл Ә.	Музыкалық білім	ЖАК Губайдуллин Ө. доценті
	Тілдер	Ф.ғ.к., Балхыбекова Ы. доцент
	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер	Т.ғ.к. Орынбасарова Г.
	Құқықтану	З.ғ.к. Жақсылықов Н.

Мекен жайы: Шымкент қаласы, Өндірістік көшесі 5 үй, 3 ғимараты

5 МАМАНДЫҚТАР ТІЗІМІ

Мамандықтар бойынша оқу топтарын нөмірлеу

№	Мамандық атауы	Мамандық кодификациясы
1.	6M010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	102
2.	6M010300-Педагогика және психология	103
3.	6M010800-Дене шынықтыру және спорт	108
4.	6M011000-Физика	110
5.	6M011200-Химия	112
6.	6M011300-Биология	113
7.	6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті	117
8.	5M011900-Шетел тілі: екі шетел тілі	119
9.	6M012000-Кәсіптік оқыту	120
10.	6M020300-Тарих	203
11.	6M020500-Филология (орыс тілі)	205
12.	6M030100-Құқықтану	301
13.	6M042100-Дизайн	421
14.	6M050200-Саясаттану	502
15.	6M050600-Экономика	506
16.	6M050800-Есеп және аудит	508
17.	6M060100-Математика	601
18.	6M060600-Химия	606
19.	6M060700-Биология	607
20.	6M060800-Экология	608
21.	6M073200-Стандарттау, сертификаттау және метрология	732

6 ГЛОССАРИЙ

Магистратура – білім беру бағдарламалары тиісті мамандық бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру;

ғылыми және педагогикалық бағыт бойынша кемінде 2 жыл нормативті оқу мерзімімен теориялық оқытудың кемінде 42 кредитін, кәсіптік практиканың кемінде 6 кредитін және ғылыми-зерттеу жұмысының кемінде 7 кредитін міндетті түрде меңгерту;

бейіндік бағыт бойынша кемінде 1 жыл нормативтік оқу мерзімімен теориялық оқытудың кемінде 18 кредитін, практиканың кемінде 2 кредитін және эксперименттік-зерттеу жұмысының кемінде 4 кредитін міндетті түрде меңгерту;

Магистрант – магистратурада білім алушы тұлға;

Магистрлік диссертация – ғылымның қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделіп таңдалған мамандық саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының бітіру жұмысы;

Магистрлік жоба – таңдалған мамандықтың өзекті проблемаларының қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және/немесе эксперименттік нәтижелерді қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын бейінді магистратура магистрантының оқу бітіргендегі біліктілік жұмысы;

Жоғары оқу орны компоненті – мамандықтың білім беру бағдарламасы шеңберінде игеру үшін дербес әскери, арнаулы оқу орны анықтайтын оқу пәндерінің тізбесі және кредиттердің тиісті көлемі;

Кәсіптік құзыреттер – құқық қорғау органдары жүйесіндегі және тиісті лауазымдағы кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім, шеберлік және дағды;

Біліктілік сипаттамасы – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жүйесіндегі және тиісті лауазымдағы кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім, шеберлік және дағды;

Біліктілік талаптары – құқық қорғау, ұлттық қауіпсіздік органдары жүйесіндегі және тиісті лауазымдағы кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім, шеберлік және дағды.

Оқытудың кредиттік технологиясы – оқытушы мен білім алушының оқу жұмыстар көлемінің өлшем бірлігі ретінде кредитті пайдаланып, білім алушының пәндерді меңгеру ретін таңдауы немесе өз бетінше жоспарлау негізінде білім алуы. Оқытудың кредиттік технологиясы жинақтаушы сипатқа ие, яғни, білім алудың барлық деңгейінде ертеректе алынған кредиттердің өсу есебі негізінде жүреді.

Негізгі түсініктер мен анықтамалар:

1) Академиялық күнтізбе - оқу жылы барысында демалыс күндері көрсетілген білім алу мен бақылау шараларының, іс тәжірибесін өткізудің күнтізбесі.

2) Академиялық кезең – білім беру ұйымы тарапынан таңдалып, үш форманың бірінде жүргізілетін теориялық білім беру кезеңі. Олар: семестр, триместр, квартал.

3) Білім алушының академиялық рейтингі – қорытынды аттестация нәтижелерінде көрініс табатын білім алушының бағдарламадағы материалды меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші.

4) Академиялық дәреже – білім алушының қорытынды аттестация нәтижелері бойынша білім беру ұйымы тарапынан берілетін білім берудегі қажетті оқу бағдарламаларын меңгеру дәрежесі.

5) Академиялық сағат – дәріс пен практикалық сабақта 1 контакт сағатқа (50 минут) тең, зертханалық сабақтар мен дене тәрбиесінің 2 контакт (100 минут) сағатына, сонымен қатар барлық оқу іс тәжірибелерінде 1 контакт сағатқа (50 минут), барлық өндірістік іс тәжірибесінде 5 контакт сағатқа (250 минут) тең.

6) Академиялық ұтқырлық- бұл білім алушылардың немесе зерттеуші-оқытушылардың оқу немесе зерттеу жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңге (оқу немесе өндірістік тәжірибеден өтуді қоса), семестр немесе оқу жылына басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) ауысуы, мұндай жағдайда меңгерілген білім беру бағдарламасы кредиттер түрінде өз жоғары оқу орнында қайта есептеледі.

7) Оқу пәніне жазылу – білім беру ұйымы қарастырған тәртіп негізінде білім алушылардың алдын ала оқу пәндеріне жазылу рәсімі.

8) Білім алушының қорытынды аттестациясы - білім алушылардың білім беру деңгейіне сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қарастырылған оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін шара.

9) Білім алушының аралық аттестациясы - білім алушының бір пәнді оқып аяқтаған кезде сол пәннің бір бөлігін немесе барлық көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін шара; аралық аттестация білім алушының білімін модульдік-рейтингтік тексеру барысында және емтихан алу түрінде жүзеге асады. Емтихан жазбаша, тестілеу, ауызша, араласа түрде жүреді.

10) Кредит – оқытушы мен білім алушының оқу жұмысы көлемін өлшейтін бірыңғай бірлік. Бір кредит білім алушының академиялық кезең барысында аптасына аудиториялық байланыс жұмысындағы 1 академиялық сағатқа тең. Дәрістік, практикалық және студиялық сабақтардың әр академиялық сағаты міндетті түрде 2 сағат (100 минут) студенттің өзіндік жұмысымен жалғасады (СӨЖ), магистратурада 4 сағат магистранттың өзіндік жұмысымен жалғасады (МӨЖ), докторантурада 6 сағат (300 минут) докторанттың өзіндік жұмысымен (ДӨЖ) жалғасын табады.

11) Тіркеу бөлімі – білім алушының барлық оқудағы жетістіктері тарихын тіркеумен айналысатын, білімнің барлық бақылау түрлерін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін және олардың академиялық рейтингін есептейтін қызмет орны.

12) Постреквизиттер – қазіргі кезде оқып үйреніп жатқан пәннен алатын білім мен дағды қажет болатын пәндердің тізімі.

13) Пререквизиттер – оқытылатын пәнге қажетті білім мен дағдыны қалыптастыратын пәндер тізімі.

14) Пән бағдарламасы – оқытылатын пәннің мақсаты мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, әр сабақтың тақырыбы мен жалғасымдылығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, әдебиеттер тізімін, кеңес беру уақытын, білім алушының білімін модульдік-рейтингтік тексеру кестесін, оқытушының талаптарын, бағалау ережелері мен критерилерін сипаттайтын оқу бағдарламасы.

15) Білім алушының өзіндік жұмысы (БАӨЖ) – оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмысы, коллоквиум, реферат, шығарма және есеп түрінде бақыланатын өз бетінше оқып үйренуге арналған тақырыптар тізімі; білім алушылардың категорияларына байланысты оларды студент өзіндік жұмысы (СӨЖ), магистрант өзіндік жұмысы (МӨЖ), докторант өзіндік жұмысы (ДӨЖ) деп бөлеміз.

16) Оқытушының жетекшілігімен жасалатын студенттің өзіндік жұмысы (ОЖСӨЖ) – кестеде көрсетілген оқытушының басшылығымен жасалынатын білім алушы өзіндік жұмысы; білім алушылардың категорияларына байланысты ол оқытушының жетекшілігімен жасалынатын студент өзіндік жұмысы (ОЖСӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жасалынатын магистрант өзіндік жұмысы (ОЖМӨЖ) деп бөлінеді.

17) Транскрипт – білім алудың белгілі бір кезеңінде меңгерілетін пәндердің тізімі бар кредиті көрсетілген әріптік және сандық белгілермен бағасы көрсетілген қалыптасқан формадағы құжат.

18) Тьютор – білім алушыға пәнді оқытушымен оқып үйренуіне көмектесетін тұлға.

19) Үлгерімді ағымдық бақылау – білім алушыны оқытушы тарапынан әр тақырып бойынша және/немесе оқу пәнінің бөлімдері бойынша оқу жетістіктерінің жүйелі түрде бақылануы.

20) Эдвайзер – белгілі бір мамандықта білім алушыға академиялық тәлімгер қызметін көрсететін оқытушы, ол білім алу траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын құруға) және оқу кезеңі барысында білім беру бағдарламасын меңгеруге көмектеседі.

21) Элективті пәндер – таңдау пәндері қатарына кіретін білім беру ұйымы бекітетін оқу пәндерінің (пән бойынша курстардың) тізімі. Қарастырылған кредиттер шеңберінде солардың ішінен бірнешесін таңдау арқылы білім алушылар жеке оқу жоспарларын жасайды.

7 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары магистрлер даярлауды:

- 1) Жалпыға білім беру стандартына және магистратура мамандықтарының үлгілік оқу жоспарларына;
- 2) Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының жіктеуішіне;
- 3) оқу жұмыс жоспарларына;
- 4) академиялық күнтізбеге;
- 5) магистранттардың жеке оқу жоспарларына;
- 6) пәндер бойынша оқу бағдарламаларына;
- 7) магистранттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты:

- 1) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мазмұны мен оқытуды анықтайды;
- 2) магистранттардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне және даярлық деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейді.

Стандарт талаптары:

- 1) мамандықтардың үлгілік оқу жоспарларын;
- 2) білім беру бағдарламаларын;
- 3) оқу жұмыс жоспарларын;
- 4) магистранттардың жеке оқу жоспарларына;
- 5) пәндер бойынша оқу бағдарламаларын;
- 6) магистранттардың жеке жоспарларын әзірлеу кезінде міндетті.

1. Магистратурада білім алу тек күндізгі оқу нысанында жүзеге асырылады.

2. Магистранттың магистратураға түсер алдында тиісті білім беру бағдарламасын меңгеруге қажетті барлық пререквизиттері болуы тиіс. Қажетті пререквизиттер тізбесін жоғары оқу орны өзі айқындайды.

Қажетті пререквизиттер болмаған жағдайда магистрантқа оларды ақылы түрде меңгеруге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда магистратурада білім алу магистрант пререквизиттерді толық меңгергеннен кейін басталады.

3. Ғылыми, педагог және басқарушы кадрларды магистратурада даярлау екі бағытта:

- 1) 2 жылдық оқу мерзімімен ғылыми және педагогикалық;
- 2) кемінде бір жыл оқу мерзімімен бейіндік бағыттарда жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орны магистратурада оқу мерзімін алдыңғы дайындық деңгейінің білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуіне және пререквизиттердің болуына байланысты өзгерте алады.

4. Бейіндік магистратура экономика, медицина, құқық, білім, өнер, қызмет көрсету және бизнес, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік салалары, құқық қорғау қызметі үшін кәсіптік даярлығы терең басқарушы кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асырады. Бизнес ортасы үшін мамандар даярлау мақсатында жоғары оқу орны МВА бағдарламасын іске асыра алады. МВА кәсіптік білім беру бағдарламасы шеңберінде мамандар даярлау мазмұны мен деңгейіне қойылатын ең төменгі талаптарды білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

5. Ғылыми және педагогикалық магистратура жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі және ғылым саласы үшін ғылыми-педагогикалық даярлығы терең ғылыми және педагогикалық мамандарды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

6. Магистратурада оқыту мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүзеге асырылады. Оқу тілін магистранттың өзі таңдайды.

7. Магистранттар әрбір оқу пәнін бір академиялық кезеңде меңгеріп, аяқталған соң емтихан нысанындағы қорытынды бақылауды тапсырады.

8. Міндетті компонент пәндерінің тізбесі үлгілік оқу жоспарымен айқындалады. Міндетті компонент пәндерінің көлемін қысқартуға жол берілмейді.

9. Таңдау компоненті пәндерінің тізбесін жоғары оқу орны өзі анықтайды. Бұл ретте жұмыс берушілердің талаптары мен еңбек нарығының сұранысы ескеріледі.

10. Магистратура мамандықтары шеңберінде жоғары оқу орындары Ұлттық біліктілік шегіне, кәсіптік стандарттарға сәйкес және Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шегімен келісілген білім беру бағдарламаларын өз бетінше әзірлейді.

Білім беру бағдарламалары оқыту нәтижесіне бағдарлануы тиіс.

11. Магистратураның білім беру бағдарламалары модульді оқудың қағидаттары негізінде құрылымданады. Магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы білім беру мазмұнын айқындайтын оқу және ғылыми жұмыстардың түрлерінен тұрады.

12. Магистратураның білім беру бағдарламасында:

1) базалық және бейіндеуші пәндер циклдерін меңгеруді қамтитын теориялық оқыту;

2) магистранттардың практикалық даярлығы: практика, кәсіптік тағылымдама түрлері;

3) ғылыми және педагогикалық магистратура үшін магистрлік жоспардың орындалуын қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы;

4) бейіндік магистратура үшін магистрлік жоспардың орындалуын қамтитын эксперимент-зерттеу жұмысы;

5) аралық және қорытынды аттестаттау қамтылады.

13. Магистранттың жеке жұмыс жоспары оқудың толық кезеңіне жасалады және мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) ЖОЖ (қажет болған жағдайда жыл сайын нақтыланады);
- 2) ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімі және есеп беру нысаны);
- 3) практика (бағдарламасы, базасы, мерзімі және есеп беру нысаны);
- 4) негіздемесі мен құрылымы көрсетілген магистрлік диссертация тақырыбы;
- 5) магистрлік диссертацияны (магистрлік жоба) орындау жоспары;
- 6) ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалардан өту жоспары.

14. Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері ең кемі бір жарияланымда және/немесе ғылыми-практикалық конференцияға қатысуында көрінуі тиіс.

15. Магистрлік диссертацияның (магистрлік жобаның) мазмұны мен ресімделуіне, оның дайындалуы мен қорғалуына қойылатын талаптарды жоғары оқу орны өзі айқындайды.

16. Магистрлік диссертация міндетті түрде плагиатқа тексерілуден өтуі тиіс, мұндай тексерісті жүргізу қағидалары мен тәртібін жоғары оқу орнының өзі анықтайды.

17. Магистранттардың білімін, іскерлігін, дағдысын және құзыреттерін бақылау оларды қорытынды аттестаттау кезінде жүргізіледі.

18. Магистранттарды қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбеде және мамандықтардың оқу жоспарында қарастырылған мерзімде кешенді емтихан тапсыру және магистрлік диссертацияны (магистрлік жоба) қорғау нысандарында өткізіледі.

19. Қорытынды аттестаттаудың мақсаттары бітіруші магистранттың қалыптасқан арнайы және басқару құзыреттіліктерінің ғылыми-теориялық және зерттеу-талдау деңгейін, кәсіби міндеттерді орындауға дайындығын және оның дайындығының кәсіби стандарт пен білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігін бағалау болып табылады.

20. Кешенді емтихан диссертация қорғауға дейін 1 ай бұрын кешіктірмей өткізіледі, мамандық бойынша кешенді емтиханға магистратураның білім беру бағдарламасындағы бейіндеуші пәндер циклдерінің пәндері кіреді.

21. Магистрлік диссертацияны (магистрлік жобаны) қорғау магистрлік диссертацияны (магистрлік жобаны) дайындауды, оны ресімдеуді және қорғау рәсімін қамтиды.

Магистрлік диссертацияны (магистрлік жобаны) қорғау рәсімін жоғары оқу орындары өз бетінше жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидаларына сәйкес айқындалады.

22. Магистратураның оқу бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған тұлғаларға тиісті мамандық бойынша «магистр» дәрежесі және қосымшасы (транскрипт) бар мемлекеттік үлгідегі диплом тапсырылады.

8. 2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕСІ

1-курс (ғылыми педагогикалық бағыт)

Магистратураға түсуші талапкерлердің құжаттарын қабылдау	3-31 шілде
Магистранттарды университетке қабылдау	25-28 тамыз
Оқу пәндеріне тіркелу рәсімі	28-29 тамыз
Конституция күні	30 тамыз
Құрбан айт	1 қыркүйек
КҮЗГІ АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕЗЕҢ	
Күзгі академиялық кезеңнің басталуы	4 қыркүйек
1-ші шептік бақылау	23-27 қазан
2-ші шептік бақылау	11-15 желтоқсан
Күзгі академиялық кезеңдегі теориялық оқытудың соңы	15 желтоқсан
Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	13-24 қараша
ҚР Тұңғыш Президенті күні	1 желтоқсан
ҚР Тәуелсіздік күні	16 желтоқсан
Қысқы аралық аттестация	18-29 желтоқсан
Апталар барлығы	теориялық – 15 апта қысқы сессия – 2 апта қысқы демалыстар – 2 апта
КӨКТЕМГІ АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕЗЕҢ	
Көктемгі академиялық кезеңнің басталуы	15 қаңтар
1-ші шептік бақылау	5-9 наурыз
2-ші шептік бақылау	23-27 сәуір
Көктемгі академиялық кезеңдегі теориялық оқытудың соңы	27 сәуір
Оқу пәндеріне тіркелу рәсімі	19 наурыз -20 сәуір
Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	22 қаңтар – 9 ақпан
Педагогикалық практика	26 наурыз – 13 сәуір
Халықаралық әйелдер күні	8 наурыз
Наурыз мейрамы	21-22 наурыз
Қазақстан халықтарының бірлігі күні	1 мамыр
Жеңіс күні	9 мамыр
Көктемгі аралық аттестация	30 сәуір – 18 мамыр
Зерттеу тәжірибесі	21 мамыр – 15 маусым
Жазғы сессия	18 маусым – 27 шілде
Апталар барлығы	теориялық – 15 апта көктемгі сессия – 3 апта қысқы демалыстар – 5 апта жазғы сессия – 6 апта

2-курс (ғылыми педагогикалық бағыт)

Магистратураға түсуші талапкерлердің құжаттарын қабылдау	3-31 шілде
Магистранттарды университетке қабылдау	25-28 тамыз
Оқу пәндеріне тіркелу рәсімі	28-29 тамыз
Конституция күні	30 тамыз
Құрбан айт	1 қыркүйек
КҮЗГІ АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕЗЕҢ	
Күзгі академиялық кезеңнің басталуы	4 қыркүйек
1-ші шептік бақылау	23-27 қазан
2-ші шептік бақылау	11-15 желтоқсан
Күзгі академиялық кезеңдегі теориялық оқытудың соңы	15 желтоқсан
Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	6-17 қараша
Педагогикалық практика	20 қараша – 8 желтоқсан
ҚР Тұңғыш Президенті күні	1 желтоқсан
ҚР Тәуелсіздік күні	16 желтоқсан
Қысқы аралық аттестация	18 желтоқсан – 5 қаңтар
Апталар барлығы	теориялық – 15 апта қысқы сессия – 3 апта

КӨКТЕМГІ АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕЗЕҢ

Көктемгі академиялық кезеңнің басталуы	8 қаңтар
Зерттеу тәжірибесі	8 қаңтар – 2 ақпан
Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	5 наурыз – 4 сәуір
Халықаралық әйелдер күні	8 наурыз
Наурыз мейрамы	21-22 наурыз
Қазақстан халықтарының бірлігі күні	1 мамыр
Жеңіс күні	9 мамыр
Кешенді емтихан	7-18 мамыр
Магистрлік диссертация рәсімдеу	21 мамыр – 8 маусым
Магистрлік диссертация қорғау	11-29 маусым

1-курс (бейіндік бағыт)

Магистратураға түсуші талапкерлердің құжаттарын қабылдау	3-31 шілде
Магистранттарды университетке қабылдау	25-28 тамыз
Оқу пәндеріне тіркелу рәсімі	28-29 тамыз
Конституция күні	30 тамыз
Құрбан айт	1 қыркүйек
КҮЗГІ АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕЗЕҢ	
Күзгі академиялық кезеңнің басталуы	4 қыркүйек
1-ші шептік бақылау	23-27 қазан
2-ші шептік бақылау	11-15 желтоқсан
Күзгі академиялық кезеңдегі теориялық оқытудың соңы	15 желтоқсан
Магистранттың экспериментальды-зерттеу жұмысы	6-24 қараша
ҚР Тұңғыш Президенті күні	1 желтоқсан
ҚР Тәуелсіздік күні	16 желтоқсан
Қысқы аралық аттестация	18 желтоқсан – 5 қаңтар
Апталар барлығы	теориялық – 15 апта қысқы сессия – 3 апта қысқы демалыстар – 4 апта
КӨКТЕМГІ АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕЗЕҢ	
Көктемгі академиялық кезеңнің басталуы	15 қаңтар
Өндірістік тәжірибе	5 ақпан – 9 наурыз
Магистранттың экспериментальды-зерттеу жұмысы	12 наурыз – 20 сәуір
Халықаралық әйелдер күні	8 наурыз
Наурыз мейрамы	21-22 наурыз
Қазақстан халықтарының бірлігі күні	1 мамыр
Жеңіс күні	9 мамыр
Кешенді емтихан	23 сәуір - 4 мамыр
Магистрлік диссертация рәсімдеу	7-25 мамыр
Магистрлік диссертация қорғау	28 мамыр -15 маусым

9 МАГИСТРАНТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Магистрант құқылы:

- жеке жұмыс жоспарын құруда, білім беру бағдарламасын таңдауда, ғылыми-зерттеу және өздік жұмыстарды ұйымдастыруда эдвайзердің көмегі мен кеңесіне;
- магистрлік диссертацияның тақырыбын, ғылыми жетекшіні (келісімі бойынша), элективті курстарды еркін таңдауға, оқу процесінде магистрлік диссертацияның тақырыбын нақтылауға;
- мерзімді ғылыми баспаларда, конференцияларда өз еңбектерін жариялауға;
- магистрлік даярлауды ұйымдастыруды жетілдіру бойынша, білім беру қызметінің сапасын жақсартуға және пәндер бойынша оқыту деңгейін көтеру бойынша ұсыныстар беруге;
- өзінің пікірлері мен көзқарастарын еркін білдіруге; - өзінің адамдық құндылығын сыйлатуға;
- мемлекеттік грант бойынша оқу жағдайында белгіленген тәртіпте стипендия алуға;
- медициналық қызмет қабылдауға, жатақханада тұруға, зертханалық құрал-жабдықтарды, компьютер, Интернет, кітапханаларды пайдалануға;
- денсаулық жағдайына, сонымен бірге аяғы ауырлығына және балалы болуына байланысты академиялық демалыс алуға;
- жекелеген төлем ақымен қосымша пәндерді оқуға.

Магистрант міндетті:

- университеттің ішкі ережесіне;
- еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі және өндіріс санитариясы ережелерін қатаң сақтауға;
- бір-бірімен және оқытушылармен қарым-қатынаста мейірімді және төзімді болуға;
- сабақ үстінде ұялы телефонды өшіруге;
- өзінің жеке жұмыс жоспарының талаптарын түгел орындауға.

10 АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы «Академиялық ұтқырлық бағдарламасын ұйымдастыру туралы ережеге» сәйкес жүргізіледі. Ол ҚР БҒ министрінің 20 сәуір 2011ж. №152 бұйрығы, 02.06.2014 ж. №198 және 28.01.2016 жылғы №90 ҚР БҒМ өзгертілген бұйрығы бойынша «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі» негізінде құрылған. АӘИУ білім алушылардың академиялық ұтқырлығы жоғары оқу орындары арасындағы шарттар/келісімдер немесе бірлескен

жобалар шеңберінде жүзеге асырылады: білім алушының үш жақты келісім/шартты, ішкі академиялық ұтқырлық бойынша жіберетін және қабылдайтын ЖОО, және халықаралық ұтқырлыққа шақыру. Ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлықты үйлестіру және мониторинг жоғары оқу орындары арасында келісімдер, білім беру бағдарламаларын үйлестіру және оқу жоспарларын келісу базасын Офис тіркеу бөлімі жүзеге асырады.

Академиялық ұтқырлық- бұл білім алушылардың немесе зерттеуші-оқытушылардың оқу немесе зерттеу жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңге (оқу немесе өндірістік тәжірибеден өтуді қоса), семестр немесе оқу жылына басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) ауысуы, мұндай жағдайда меңгерілген білім беру бағдарламасы кредиттер түрінде өз жоғары оқу орнында қайта есептеледі.

11 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ АҒЫМДЫҚ, АРАЛЫҚ, ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

Ағымдағы, аралық және қорытынды бақылаулардың ұйымдастырылу тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылдың 1 қарашасындағы №506 «Білім алушылардың ағымдағы үлгерімін бақылау, аралық және қорытынды аттестациялауды өткізудің типтік ережелерін бекіту туралы 2008 жыл 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығымен регламенттеледі.

Ағымдағы бақылау магистрантты қарқынды жұмысқа ынталандыруға арналған. Ағымдағы бақылау оқытушы мен магистранттың күнделікті өзара әрекеттесуіне бағытталған, ол студенттің қандайда бір пәнді меңгеруі кезінде туындайтын белгілі бір оқу проблемасын шешу немесе меңгеру әрекетінің дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді.

Ағымдағы бақылау жұмысының түрлері мен оларды бағалау өлшемдерін оқытушы өзінің тәжірибесі мен оқу міндеттеріне қарай анықтайды.

Аралық бақылау магистранттың пәндердің салаларын оқу бойынша өзіндік жұмысының қорытындысын жасауға бағытталған. Аралық бақылауды сабақты жүргізген лектор, оқытушы жүзеге асырады.

Оқу курсы аяқталғаннан кейін емтихан үлгісінде қорытынды бақылау өткізіледі. Қорытынды бақылауға жіберілу рейтингі ағымдағы және аралық бақылаулардағы жиналған балдардың көлемінен түзіледі.

Білім алушыны курстан курсқа көшіру үшін ЖОО өту балын (GPA) өзі анықтайды.

Өту балы (үлгерімнің орта балы) (Grade Point Average - GPA) – білім алушының таңдалған бағдарлама бойынша бір оқу жылындағы білім жетістігі деңгейінің орташа бағасы (білім алу кезеңі ағымындағы кредит жиынтығының пән бойынша аралық аттестация балдарының сандық эквивалентіне қатынасы).

Рейтинг – бұл студенттің еңбегінің балл түрінде көрініс тапқан бағасы. Рейтинг студенттің жыл бойына қатысқан әртүрлі жұмыстары үшін алған балдарымен анықталған білім сапасының жалпылама көрсеткіші ретінде болады.

АӘИУ-да студенттің рейтингі 100 балдық шкаламен анықталады. Студенттер бақылаудың әр деңгейінде алған балдары бағдарламалық материалды игеру деңгейіне байланысты төмендегідей бөлінуі мүмкін.

Әріптік жүйе бойынша бағалу	Балл	%-дың көрсеткіш	Дәстүрлі жүйедегі баға
A	4,0	95-100	өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	қанағаттанарлы
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	қанағаттанарлы қсыз

GPA есебі келесі үлгі бойынша жүзеге асырылады:

$$GPA = \frac{(кредит\ 1 \times балл\ 1) + (кредит\ 2 \times балл\ 2) + \dots + (кредит\ n \times балл\ n)}{кредит\ 1 + кредит\ 2 + \dots + кредит\ n}$$

Мысалы: оқу жылында студент келесі нәтиже көрсетті:

Пән	Баға	Балл	Кредиттер
1	A	4,0	3
2	B	3,0	3
3	D	1,0	3
4	C	2,0	3
5	B	3,0	2
6	A	4,0	3

GPA 2,8-ге тең:

$$GPA = \frac{(3 \times 4,0) + (3 \times 3,0) + (3 \times 1,0) + (3 \times 2,0) + (2 \times 3,0) + (3,0 \times 4,0)}{3 + 3 + 3 + 3 + 2 + 3}$$

АӘИУ Ғылыми Кеңесінің шешімі бойынша курстан курсқа өту балы төмендегідей:

2 - курсқа - 2,67

12 ЖОО-ДА МАГИСТРАТУРАДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУДІҢ ТӘРТІБІ

1. Магистратура және докторантурада білім алушыларды қорытынды аттестаттау МЖМББС сәйкес кешенді емтихан тапсыру және магистрлік диссертация (жоба) немесе докторлық диссертация қорғау түрінде өткізіледі.

2. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың ұзақтығы мен мерзімі академиялық күнтізбеге және мамандықтардың жұмыс оқу жоспарларына сәйкес белгіленеді.

3. Қорытынды аттестаттауға білім беру бағдарламаларының, жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарына сәйкес оқу үдерісін толық аяқтаған білім алушылар ғана жіберіледі.

4. Бітіруші курстың білім алушылары жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарын орындамаса жазғы семестрден өткізілместен оқу курсы қайта оқуға қалдырылады.

5. Мамандық бойынша кешенді емтиханға магистратура мен докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасының міндетті базалық және бейіндік компоненттерінің пәндері кіреді.

6. Кешенді емтиханның бағдарламасын, өткізілу нысанын және тапсырмалар мазмұнын ЖОО осы кешенді емтиханға енген пәннің оқу бағдарламасы негізінде өздері әзірлейді.

7. Кешенді емтихан:

магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға дейін 1 ай бұрын;
докторлық диссертацияны қорғауға дейін 3 ай бұрын қабылданады.

8. Алынған оңды бағаны жоғарылату мақсатында кешенді емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

9. Кешенді емтиханның нәтижесімен келіспеген білім алушы емтихан өткізілгеннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляция береді.

10. Кешенді емтиханнан қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушы № 289 бұйрығымен бекітілген білімі аяқталмаған тұлғаларға берілетін анықтама беріле отырып ЖОО басшысының бұйрығымен ЖОО-дан оқудан шығарылады.

11. Кешенді емтиханнан "қанағаттанарлықсыз" баға алған магистратура мен докторантурада оқитын тұлғаларға қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде кешенді емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

12. Кешенді емтихан тапсырған магистрант немесе докторант магистрлік диссертацияны (жобаны) немесе докторлық диссертацияны қорғауға жіберіледі.

13. Магистрант диссертация (жоба) тақырыбы бойынша ғылыми басылымдарда, журналдарда, немесе халықаралық немесе республикалық ғылыми конференцияларда жарияланған кемінде бір мақаласы бар болған жағдайда қорғауға жіберіледі.

14. Магистрлік диссертацияларды (жобаларды) ЖОО өз бетінше плагиат мәніне қатысты тексеруден өткізеді.

15. Қорытынды аттестаттаудан өткен, магистратураның тиісті білім беру бағдарламасын меңгергендігін растаған магистрантқа МАК-тың шешімімен тиісті мамандық бойынша "магистр" академиялық дәрежесі тағайындалады және академиялық күнтізбеге сәйкес қорытынды аттестаттау өткен күннен кейін бес күн ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 тіркелген) мемлекеттік үлгідегі диплом қосымшасымен тегін беріледі.

16. Қорытынды аттестаттаудың нәтижесі негізінде ЖОО басшысының бітіру туралы бұйрығы шығарылады, магистратураның тиісті білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен магистрантқа тиісті мамандық бойынша "магистр" дәрежесі тағайындалады.

17. Білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған магистрант ЖОО басшысының бұйрығымен ЖОО-дан оқудан шығарылып № 289 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша білімі аяқталмаған азаматтарға берілетін анықтама беріледі.

13 ЖОО-ДАҒЫ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚОРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

АӘИУ кафедраларының қажетті деңгейдегі материалдық-техникалық жабдықтары оқу үдерісін қамтамасыз етеді. Бакалаврларды дайындайтын барлық кафедраларда оқытудың техникалық құралдары (компьютерлер, мультимедиялық проекторлар, интерактивті тақталар, т.б) және көрнекі құралдар бар, тілдер кафедралары лингафон кабинеттерімен жабдықталған. Бірқатар кафедраларда биохимиялық, морфологиялық, микробиологиялық, физиологиялық және гигиеналық лабораторияларға арналған заманауи жабдықтар бар. Оқу зертханаларындағы жұмыс студенттерге практикалық дағдыларының белгілі деңгейіне жетуге мүмкіндік жасайды.

Зертханалардың негізгі міндеттері:

- мамандықтардың мемлекеттік білім беру стандарттарына, оқу жұмыс бағдарламаларына, оқу-әдістемелік жұмыс бағдарламаларына, оқу-әдістемелік жұмыс жоспарларына және басқа құжаттарға сай ЖОО-ның жарғы қызметінің, сапалық білім беру үдерісінің және басқа үдерістердің қамтамасыз етілуі;

- академияның профессор-оқытушылар құрамына, студенттерге кеңес беру, оқу-әдістемелік көмектің көрсетілуі.

Оқу процессінде академияның материалдық қорларын пайдалану барысында студенттер «Өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша нұсқауды», «Техника қауіпсіздігі бойынша нұсқауды» және «АЭИУ ішкі тәртіп ережелерін» сақтауы тиіс.

Ақпараттың негізгі түпдеректерінің бірі болып кітапханалық-ақпараттық орталық табылады.

Кітапхана компьютерлермен жабдықталған. Автоматтандырған «Оқырман» және «Кітап беру» жұмыс орындары кітапхана оқырмандарының электрондық есебін жүргізуге, әдебиеттің беруін және қабылдауын жүргізуге мүмкіндік береді.

Әдебиетті жүйелендіру үшін УДК-ның электрондық нұсқасы қолданылады.

Жатақхананың оқу залында Интернет ресурстарына автоматтандырылған жұмыс орындарынан кіруге болады.

Кітапхананың электрондық оқу залы интернетке қосылған компьютерлермен, видеодвойкамен, принтермен, ксерокспен, сканермен жабдықталған.

Анықтамалық-іздеу аппараты кітапхана қорының барлығын ашатын каталогтар мен карточкалардан тұрады. Каталогтандырудың барлық үдерістері кітапханалық істің нормативтік құжаттарының талаптары негізінде орындалады (СИБИД жүйелерінің стандарттары, істегі ГОСТ-тардың, жіктелу кестелерінің т.б.)

Оқу залдарымен пайдалану ережелері:

1. Оқу залында әдебиетке тапсырыс жасағанда оқырмандар оқырман билетін көрсетеді және қажетті басылымдарды алғаннан кейін әр басылымның кітап формулярына және бақылау талонына қолын қояды.

2. Оқу залдарында берілетін кітаптар, баспаның басқа материалдарының саны шектелмейді. Бір мерзімдегі сұраныс жоғарласа, кітап саны шектелуі мүмкін.

3. Негізгі кітап қоймасынан оқу залына берілген әдебиет белгілі уақытқа броньдалуы мүмкін.

4. Оқу залдарына жеке және басқа кітапхана кітаптарымен, журналдарымен, газеттермен, баспа басылымдарының ойыстарымен, басқа баспа материалдарымен кіруге рұқсат берілмейді.

5. Оқу залдарынан әдебиетті шығаруға тиым салынады.

6. Оқу әдебиетін «Абонемент» бөліміне тапсырмаған қарызы бар студенттерге қызмет көрсетілмейді.

Оқырман міндеттері:

1. Оқырмандар міндеті:

- әдебиетті алу үшін оқырман билетін көрсетуге, кітап формулярында әр басылым үшін қолын қоюға;

- кітаптарды, басқа басылымдарды, кітапхана материалдарын құнттап ұстауға;

- кітапханадан алған басылымдарды көрсетілген мерзімде қайтаруға.

2. Оқырманға рұқсат етілмейді:

- кітапханаға сыртқы киіммен келуге;

- оқу залдарына сөмкелермен кіруге;

- кітапхана бөлімінде тыныштық пен тәртіпті бұзуға;

- әдебиетті алу үшін біреудің құжатын пайдалануға;

- қолды қоймай, кітапханадан кітаптарды шығаруға;

- кітапханалық басылымдарды бүлдіруге: белгі жасау, сызу, парак жырту, қайыру т.б.

- каталогтар мен картотекалардан карточкаларды алып шығаруға;

- рұқсатсыз қызметтік бөлмелер мен кітап қоймаларына кіруге.

Университеттің Ғылыми кеңесінде қаралып, талқыланды.

Хаттама №1 29.08.2017ж.